

Жобаларды республикалық және өңірлік индустрияландыру карталарына енгізу қағидаларын бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 25 мамырдағы № 675 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 27 қаңтардағы № 32 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 27.01.2016 № 32 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

БАСПАСӨЗ РЕЛИЗИ

«Индустриялық-инновациялық қызметті мемлекеттік қолдау туралы» Қазақстан Республикасының 2012 жылғы 9 қаңтардағы Заңының 4-бабының 16) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Жобаларды республикалық және өңірлік индустрияландыру карталарына енгізу қағидалары бекітілсін.

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Премьер-Министрі

*Қазақстан
К. Мәсімов*

Республикасының

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 1 2

ж ы л ғ ы

2 5

м а м ы р д а ғ ы

№

6 7 5

қ а у л ы с ы м е н

бекітілген

Жобаларды республикалық және өңірлік индустрияландыру карталарына енгізу қағидалары

1. Жалпы ережелер

1. Осы Жобаларды республикалық және өңірлік индустрияландыру карталарына енгізу қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) жобаларды республикалық және өңірлік индустрияландыру карталарға енгізу тәртібін а й қ ы н д а й д ы .

2. Қағидаларда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) индустриялық-инновациялық жоба – технологиялар трансфертіне, жаңа немесе жетілдірілген өндірістер, технологиялар, тауарлар, жұмыстар және қызметтер жасауға бағытталған, белгілі бір уақыт мерзімі ішінде іске асырылатын іс-шаралар кешені (бұдан әрі – жоба);

2) индустрияландыру картасы – белгілі бір қаржыландыру көздері, оларды іске асыру жөніндегі кестелері мен іс-шаралар жоспарлары бар республикалық және өңірлік индустрияландыру карталарына енгізілген индустриялық-инновациялық жобалардың жиынтығын білдіретін индустриялық - инновациялық жүйе мониторингінің (іске асырылуының) құралы (бұдан әрі – к а р т а) ;

3) республикалық индустрияландыру картасы – индустриялық-инновациялық қызмет субъектілерінің Қазақстан Республикасының аумағында іске асырылатын жобаларының тізбесі, ол Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысымен б е к і т і л е д і ;

4) өңірлік индустрияландыру картасы – индустриялық-инновациялық қызмет субъектілерінің белгілі бір әкімшілік-аумақтық бірлікте (облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың) іске асырылатын жобаларының тізбесі, олар өңірлік кәсіпкерлер палатасымен келісім бойынша облыстар, республикалық маңызы бар қала, астана әкімдіктерінің қаулыларымен бекітіледі;

5) өтініш беруші – жобаны жоспарлауды және іске асыруды жүзеге асыратын ж е к е / з а ң д ы т ұ л ғ а ;

6) өңірлік үйлестіру кеңесі – жергілікті атқарушы органдардың, банктердің, өңірлік кәсіпкерлер палатасының, кәсіпкерлер бірлестіктерінің, салалық қауымдастықтардың өкілдері мен тәуелсіз сарапшылардың қатысуымен облыстардың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың әкімдері құратын және басқаратын консультативтік-кеңесші орган (бұдан әрі – кеңес);

7) жобаларды қарау жөніндегі салалық комиссия – мемлекеттік органның қызметкерлері мен тиісті саланы білдіретін бизнес қауымдастық мүшелерінің арасынан келісім бойынша тиісті салалық мемлекеттік орган басшысының бұйрығымен құрылатын консультативтік- кеңесші орган (бұдан әрі – салалық к о м и с с и я) ;

8) уәкілетті орган – индустрия және индустриялық-инновациялық даму саласындағы басшылықты жүзеге асыратын, сондай-ақ заңнамада көзделген шектерде салааралық үйлестіруді және индустриялық-инновациялық қызметті мемлекеттік қолдауды іске асыруға қатысуды жүзеге асыратын орталық а т қ а р у ш ы о р г а н ;

9) индустрияландыру картасының мәселелері жөніндегі штаб – уәкілетті органның жанындағы мүдделі салалық комиссиялар басшыларының қатысуымен индустрияландыру картасына енгізу үшін жобаларды қарау мәселесі жөніндегі

комиссия (бұдан әрі – штаб);

10) жергілікті уәкілетті орган – тиісті аумақтағы индустриялық-инновациялық қызметті мемлекеттік қолдау саласындағы мемлекеттік саясатты қалыптастыруға және іске асыруға қатысушы кәсіпкерлік және өнеркәсіп саласындағы даму, үйлестіру, реттеу және басқару функцияларын жүзеге асыратын жергілікті атқарушы органның (облыстардың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жұмыс органы;

11) жауапты мемлекеттік орган – жобаны іске асыруға, сондай-ақ өтініш берушімен келісім жасасуға жауапты мемлекеттік орган;

12) келісім – жауапты мемлекеттік орган (жауапты мемлекеттік органдар) мен өтініш беруші арасында жасалатын, мемлекеттік қолдау шараларын ұсынуды және тараптардың жобаны іске асыру бойынша жауапкершілігін көздейтін шарт;

13) өңірлік кәсіпкерлер палатасы – Қазақстан Республикасы Ұлттық кәсіпкерлер палатасының жүйесіне аумақтық деңгейде кіретін облыстар, республикалық маңызы бар қала және астана кәсіпкерлерінің палаталары (бұдан әрі – өңірлік палата).

Ескерту. 2-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 09.10.2014 № 1073 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

2. Жобаларды картаға енгізу тәртібі

3. Жобаларды республикалық индустрияландыру картасына енгізу кезең-кезеңмен жүргізіледі:

1) бірінші кезең – жобаларды жергілікті деңгейде қарау;

2) екінші кезең – жобаларды орталық деңгейде қарау;

3) үшінші кезең – жобаларды уәкілетті органда қарау;

4) төртінші кезең – жобаларды Өнеркәсіптік дамыту жөніндегі комиссияда (бұдан әрі – Комиссия) қарау.

Ескерту. 3-тармақ жана редакцияда - ҚР Үкіметінің 09.10.2014 № 1073 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

3-1. Жобаларды өңірлік индустрияландыру картасына енгізу кезең-кезеңмен жүргізіледі:

1) бірінші кезең – жобаларды жергілікті деңгейде қарау;

2) екінші кезең – жобаларды орталық деңгейде қарау.

Өңірлік индустрияландыру картасының жобалары салалық сараптама жүргізу үшін екінші кезең бойынша іріктеуден өтеді.

Ескерту. Қаулы 3-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 09.10.2014 № 1073 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

1) құны 4,5 млрд. теңгеге дейінгі жобалар өңірлік индустрияландыру картасына енгізіледі;

2) құны 4,5 млрд. теңгеден басталатын жобалар республикалық индустрияландыру картасына енгізіледі;

3) мемлекеттік қолдау шараларын талап етпейтін жобалар республикалық және өңірлік индустрияландыру карталарына енгізілмейді.

Ескерту. 4-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 09.10.2014 № 1073 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

4-1. Индустрияландыру картасына жобаларды іріктеу:

1) 2014 жылы Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 19 наурыздағы № 958 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасын үдемелі индустриялық-инновациялық дамыту жөніндегі 2010 - 2014 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламаның басымдықтарына сәйкес жүзеге асырылады;

2) 2015 жылғы 1 қаңтардан бастап Қазақстан Республикасы Президентінің 2014 жылғы 1 тамыздағы № 874 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасын үдемелі индустриялық-инновациялық дамыту жөніндегі 2015 - 2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламаның (бұдан әрі – Бағдарлама) басымдықтарына сәйкес жүзеге асырылады.

Бұл ретте, Бағдарламаның басымдықтарына сәйкес келмейтін салаларда іске асырылатын жобалар осы Қағидалардың 56-1-тармағында көзделген жағдайларда республикалық индустрияландыру картасына енгізіледі.

Ескерту. Қаулы 4-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 09.10.2014 № 1073 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) .

4-2. Индустрияландыру картасының жобалары Қазақстан Республикасының аумағын ұйымдастырудың бас схемасын ескере отырып іріктеледі.

Ескерту. Қаулы 4-2-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 09.10.2014 № 1073 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) .

4-3. Осы Қағидалардың 4-тармағының 1) тармақшасында көрсетілген жобалар республикалық индустрияландыру картасына осы Қағидалардың 56-1-тармағында көзделген жағдайларда енгізіледі.

Ескерту. Қаулы 4-3-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 09.10.2014 № 1073 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) .

5. Алып тасталды - ҚР Үкіметінің 09.10.2014 № 1073 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

6. Өтінімдерді қабылдауды жергілікті уәкілетті орган тұрақты негізде жүзеге

а с ы р а д ы .

7. Өтініш беруші жобаны картаға енгізу үшін тиісті өңірдің жергілікті уәкілетті органына мынадай құжаттарды электронды және қағаз тасығыштарда қолма-қол ұсынады:

- 1) осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініш;
- 2) осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жобаның өтініш беруші бекіткен паспорты;
- 3) осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жобаны іске асырудың өтініш беруші бекіткен жоспар-кестесі;
- 4) жобаны қаржыландырудың пысықталғанын растайтын құжаттардың көшірмелері (жобаны қаржыландыру туралы ниеттері және/немесе шешім туралы меморандумдар мен келісімдер);
- 5) құны 900 млн. теңгеден басталатын жобалар үшін осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жоба туралы ақпарат;
- 6) 1 бетте мынадай мәліметтерді: жобаның атауын, жобаның мақсатын; өтініш берушіні; іске асыру орнын; іске асыру кезеңін; жобаның жалпы құнын; қаржыландыру құрылымын; күтілетін нәтижелерді; салу және пайдалану кезеңінде жұмыс орындарын құруды қамтитын слайд- тұсаукесер;
- 7) жобаны іске асыру кезінде жер учаскесін бөлу қажет болған жағдайда жерге орналастыру жобаларын әзірлеу туралы құжат қоса беріледі.

Ескерту. 7-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 09.10.2014 № 1073 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

8. Құжаттар осы Қағидалардың 7-тармағында көрсетілген тізбеге сәйкес келмеген жағдайда жергілікті уәкілетті орган құжаттар тапсырылған күні оларды қарамастан өтініш берушіге қайтарады.

9. Құжаттар қайтарылған жағдайда өтініш беруші жіберілген сәйкессіздіктерді жойғаннан кейін қайтадан жүгінеді.

10. Ескертулер болмаған жағдайда өтінім қабылданады, осы Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша журналға тіркеледі, құжаттарды қабылдау туралы белгісі бар өтінімнің көшірмесі өтініш берушіге тапсырылады.

3. Жобаларды жергілікті деңгейде қарау

11. Жергілікті уәкілетті орган мүдделі жергілікті атқарушы органдармен және ұйымдармен бірлесіп, өтінім қабылданған сәттен бастап Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өңірлік сараптама жүргізуге және қажетті мемлекеттік қолдау шараларын ұсынуды пысықтауға кіріседі.

Жергілікті уәкілетті орган өтінімдер тіркелген күннен бастап 1 (бір) жұмыс күні ішінде жобаларды қарау және өңірлік индустрияландыру картасына енгізу

бойынша ұсыным беру үшін құжаттарды өңірлік палатаға жібереді.

Өтінімді өңірлік палата тіркеген сәттен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде ұсыным жергілікті уәкілетті органға ұсынылады.

Ескерту. 11-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 09.10.2014 № 1073 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

12. Өңірлік сараптаманың қорытындысы мынадай құрылым бойынша жүзеге асырылады :

- 1) жоба бойынша ақпараттың коммерциялық бөлігінің пысықталу дәрежесі;
- 2) жобаны іске асырудың негізгі бастапқы шарттарының болуы;
- 3) инфрақұрылымның пысықталуы;
- 4) экологиялық қауіпсіздік және табиғи ресурстарды ұтымды пайдалану;
- 5) рентабельділік;
- 6) өңірдің бағдарламалық құжаттарына сәйкестігі;
- 7) жоба бойынша жалпы тұжырымдар мен ұсынымдар.

13. «Жоба бойынша ақпараттың коммерциялық бөлігінің пысықталу дәрежесі» деген бөлімде жоба бойынша мынадай ақпарат көрсетіледі:

- 1) өнімдерді/қызметтерді өткізуді талдау, төлемге қабілетті сұраныстың болуы, нарықтағы бәсекелестік дәрежесі;
- 2) таңдалған баға саясатының өзектілігі мен негізділігін талдау;
- 3) маркетингтік жоспарды пысықтау дәрежесін, болашақ өнімдерді/қызметтерді өткізу арналарын бағалау.

14. «Жобаны іске асырудың негізгі бастапқы шарттарының болуы» деген бөлімде жоба бойынша мынадай ақпарат көрсетіледі:

1) жобаны іске асыру үшін қажетті мәлімделген активтердің болуын бағалау (жер учаскесі, өндірістік база, негізгі және ақшалай қаражаттың болуы, ауыртпалықтың/активтерге тыйым салудың болмауы);

2) қаржыландыру құрылымының пысықталғандығын талдау, қаржы ұйымдарымен жобаны қаржыландыру туралы меморандумдардың/келісімдердің болуы ;

3) шикізат көздерін, оны тасымалдау схемалары мен құралдарын талдау, шикізаттың/дайын өнімнің оңтайлы/барынша көп қорларын сақтау үшін қоймалардың абаттандырылуы, шикізатты жеткізушілермен келісімдердің болуы ;

4) құрылыс кезеңінде және объектіні пайдалануға қосу кезеңінде құзыретті менеджерлердің және мамандардың болуын бағалау, жобаның өтініш берушілерінің және басшылардың іскерлік беделі;

5) техникалық жабдықты пайдалану бойынша персоналды қолда бар/жоспарлы оқыту бағдарламасын талдау;

6) өндіріс технологиясының баламалы нұсқаларын және жабдықты

жеткізушілерді талдау; жабдықты жеткізу және монтаждау кестесі, инновациялық құрамдастардың болуы; тиісті лицензиялар мен сертификаттардың немесе оларды алу бойынша іс-шаралар жоспарының болуы.

15. «Инфрақұрылымның пысықталуы» деген бөлімде сыртқы және ішкі коммуникациялардың әзірлік дәрежесі, сондай-ақ мемлекеттік қолдаудың қажетті шараларын көрсете отырып, инфрақұрылымды дамыту бойынша іс-шаралар жоспары сипатталады.

16. «Экологиялық қауіпсіздік» деген бөлімде жобаның экологиялық аспектілері, олардың қоршаған ортаға әсері, табиғатты қорғау іс-шараларының болуы, қазіргі заманғы ресурс үнемдеуші және энергия үнемдеуші технологияларды енгізу, энергияның баламалы көздерін қолдану, өндірістің қоршаған ортаға жағымсыз әсерін қысқарту бойынша шаралар көрсетіледі.

17. «Рентабельділік» деген бөлімде жобаның тиімділігінің қаржылық көрсеткіштерін талдау, өтелу мерзімі, IRR табыстылықтың ішкі нормасы, NPV таза дисконтталған табыс көрсетіледі.

18. «Өңірдің бағдарламалық құжаттамаларына сәйкестігі» деген бөлімде мәлімделген жобаның өңірді дамытудың негізгі стратегиялық және жоспарлы құжаттамаларына сәйкестігін талдау жүргізіледі.

19. «Жоба бойынша жалпы тұжырымдар мен ұсынымдар» деген бөлімде жобаны сәтті іске асыру үшін мемлекеттік қолдаудың қажетті шараларының тізбесі және оларды алу тетіктері көрсетіледі, сондай-ақ дәлелденген оң немесе теріс қорытынды не себептің негіздемесі бар жобаны пысықтауға ұсынымдар беріледі.

20. Әрбір жобаға өңірлік сараптаманы жүзеге асыру мерзімі өтінім тіркелген сәттен бастап 15 жұмыс күнінен аспайды.

21. Өңірлік сараптаманың қорытындысы үш данада ресімделеді және ол өткізілген сәттен бастап екі жұмыс күні ішінде адресаттарға жіберіледі. Бір данасы өтініш берушіге, біреуі уәкілетті органға жіберіледі, бір данасы жергілікті уәкілетті органда қалады.

21-1. Жергілікті уәкілетті орган өтінімдер тіркелген күннен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде жобалардың Қазақстан Республикасының аумағын ұйымдастырудың бас схемасына сәйкестігін қарау және ұсыным беру үшін құжаттарды мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті органға жібереді.

Ұсыным мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті орган құжаттарды тіркеген сәттен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде жергілікті уәкілетті органға ұсынылады.

Ескерту. Қаулы 21-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 09.10.2014 № 1073 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

21-2. Құны 0,9-дан 4,5 млрд. теңгеге дейінгі жобалар бойынша құжаттарды жергілікті уәкілетті орган салалық мемлекеттік органдарға салалық сараптама жүргізу үшін жібереді.

Салалық сараптаманың қорытындысы құжаттарды салалық мемлекеттік органда тіркелген сәттен бастап 15 (он бес) жұмыс күн ішінде жергілікті уәкілетті органға ұсынылады.

Құны 0,9-дан 4,5 млрд. теңгеге дейінгі жобалар бойынша салалық сараптама шешімі ұсынымдық сипатта болады.

Ескерту. Қаулы 21-2-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 09.10.2014 № 1073 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) .

22. Жергілікті уәкілетті орган өңірлік сараптаманың қорытындысы, мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті органның ұсынымы және салалық мемлекеттік органның қорытындысы ресімделген сәттен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде кеңес отырысына материалдарды өңірлік палатаның ұсынымын ескере отырып шығарады.

Ескерту. 22-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 09.10.2014 № 1073 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

23. Кеңес жобаларды олардың түсуіне қарай, бірақ өтінімдер болған кезде айына кемінде бір рет қарайды.

24. Кеңес хатшысы жобаны қарау туралы мәселе күн тәртібіне енгізілген кеңес отырысы өткізілетін күнге дейін кемінде 3 (үш) жұмыс күні бұрын отырыс күні туралы өтініш берушілерге хабарлайды.

25. Өтініш беруші кеңес отырысының қарауына қосымша материалдарды ұсынуға құқылы.

26. Жобаға өтініш беруші кеңес отырысының барысында сөз сөйлеу үшін сарапшыларды шақыруға құқылы.

27. Кеңес отырысында жобаларды республикалық және/немесе өңірлік индустрияландыру карталарына ұсыну мәселесі бойынша қарапайым көпшілік дауыс санымен алқалы шешім қабылданады және операторлары жергілікті атқарушы органдар болып табылатын мемлекеттік қолдау шараларының тізбесі бекітіледі. Кеңес шешімі осы Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес нысан бойынша екі данада кеңес отырысы өткізілген сәттен бастап 2 жұмыс күні ішінде хаттамамен ресімделеді.

28. Кеңес отырысы өткізілген сәттен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде республикалық индустрияландыру картасына ұсынылған жобалар бойынша материалдарды, оның ішінде өңірлік сараптамалардың, мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті органның ұсынымын, кеңес хаттамасының екінші даналарын жергілікті уәкілетті орган одан әрі қарау үшін уәкілетті органға жібереді.

Ескерту. 28-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 09.10.2014 № 1073 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

28-1. Жобаларды өңірлік индустрияландыру картасына енгізу, сондай-ақ алып тастау, мемлекеттік қолдау шараларын ұсыну, негізгі параметрлерді өзгерту бойынша шешім кеңес отырысында қабылданады.

Ескерту. Қаулы 28-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 09.10.2014 № 1073 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

4. Жобаларды орталық деңгейде қарау

29. Уәкілетті орган кеңес ұсыным берген жобалар бойынша материалдарды алған сәттен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде салалық тиесілілігі бойынша бөліп таратады және салалық комиссияның отырысында қарау үшін тиісті салалық орталық мемлекеттік органдарға жібереді, сондай-ақ жергілікті қамтуды дамыту саласындағы ұлттық даму институтына жергілікті қамту бойынша сараптама жүргізу үшін жібереді.

Ескерту. 29-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 09.10.2014 № 1073 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

30. Тиісті салалық орталық мемлекеттік орган материалдарды алған сәттен бастап әрбір жоба бойынша салалық сараптаманы жүзеге асырады және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік қолдаудың қажетті шараларын көрсету мәселесін пысықтайды.

31. Салалық мемлекеттік органдар жобаларды күрделілік дәрежесіне қарай салалық сараптама жүргізу үшін мамандандырылған ведомстволық бағынысты ұйымдарға жібереді алады.

32. Салалық сараптаманың қорытындысы мынадай құрылым бойынша жүзеге асырылады:

- 1) ел ауқымындағы стратегиялық маңызы;
- 2) басқа жобалармен және өндірістермен теңгерімділігі;
- 3) өндіріс технологиясындағы инновациялық құрамдас бөлік;
- 4) экспортқа бағдарлану немесе импортты алмастыру;
- 5) салалық рұқсат беру құжаттары;
- 6) еңбек өнімділігі;
- 7) жоба бойынша жалпы тұжырымдар мен ұсынымдар.

33. «Ел ауқымындағы стратегиялық маңызы» деген бөлімде ел ауқымындағы жобаның маңызы ашылады.

34. «Басқа жобалармен және өндірістермен теңгерімділігі» бөлімінде бірдей жобалар мен өндірістердің болуы тұрғысынан өңір мен көршілес өңірлер

бойынша талдау жүргізіледі.

35. «Өндіріс технологиясындағы инновациялық құрамдас бөлік» деген бөлімде жобада жоғары технологиялық өндірістерді құрудың болуы ашылады.

36. «Экспортқа бағдарлану немесе импортты алмастыру» деген бөлімде экономиканың дәстүрлі экспорттық/импорттық секторларын дамытуға және қосылған құны жоғары өндірістер құра отырып, жобаның өнімдерді әртараптандыруға әсерін талдау жүргізіледі.

37. «Салалық рұқсат беру құжаттары» деген бөлімде жобаны іске асыру үшін қажетті салалық құжаттарға талдау жүргізіледі. Қандай да бір құжаттар түгел болмаса оларды алу тәртібі түсіндіріледі.

38. «Еңбек өнімділігі» деген бөлімде жылына бір қызметкерге құндық мәндегі уақыт бірлігіне өндірілетін тауарлардың (жұмыстар мен қызметтердің) көлемімен өлшенетін көрсеткіш ашылады.

39. «Жоба бойынша жалпы тұжырымдар мен ұсынымдар» деген бөлімде жобаны табысты іске асыру үшін мемлекеттік қолдаудың қажетті шараларын талдау және оларды көрсету тетіктері көрсетіледі, сондай-ақ дәлелді болуы тиіс оң немесе теріс қорытынды не себептің негіздемесі бар жобаны пысықтау ұсынымдары көрсетіледі.

40. Әрбір жобаға салалық сараптаманы жүзеге асыру мерзімі тиісті салалық мемлекеттік органға материалдар келіп түскен сәттен бастап 15 жұмыс күнінен аспайды.

41. Салалық сараптама жүзеге асырылған сәттен бастап 2 жұмыс күні ішінде оның нәтижесіне сараптаманы жүзеге асырған салалық мемлекеттік органның басшысы немесе егер, салалық сараптаманы ведомстволық бағынысты ұйым жүзеге асырса, ведомстволық бағынысты ұйымның басшысы қол қояды және келіп түскен жобалар бойынша материалдарға қоса тіркеледі.

42. Барлық салалық сараптамалар дайындалғаннан кейін оларға қол қойылған сәттен бастап 3 жұмыс күні ішінде жобалар салалық комиссияның қарауына шығарылды.

43. Салалық комиссия қарауға арналған жобалар бар болған кезде жобаны
айына кемінде бір рет қарайды.

44. Салалық комиссия хатшысы жобаны қарау туралы мәселе күн тәртібіне енгізілген кеңес отырысы өткізілетін күнге дейін кемінде 3 (үш) жұмыс күні бұрын отырыс күні туралы өтініш берушілерге хабарлайды.

45. Салалық комиссияның қарауына жобалар бойынша материалдар, оның ішінде Кеңес хаттамасының көшірмесі, әрбір жоба бойынша өңірлік және салалық сараптамалардың нәтижелері ұсынылады.

46. Алып тасталды - ҚР Үкіметінің 09.10.2014 № 1073 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

47. Салалық комиссияның отырысына индустриялық-инновациялық қызмет субъектілеріне, атап айтқанда, жобалары Индустрияландыру картасына енгізуге жататын өтініш берушілерге мемлекеттік қолдау шараларын көрсететін әлеуетті операторлардың уәкілетті өкілдері шақырылады.

48. Салалық комиссия отырысында жобалар және ұлттық компанияларды кепілдендірілген тапсырыстармен қамтамасыз етуді қоса алғанда, мемлекеттік қолдау шараларын ұсыну мүмкіндігі талқыланады, одан кейін жобаларды республикалық және/немесе өңірлік индустрияландыру карталарына ұсыну не жобаны республикалық индустрияландыру картасына енгізуден бас тарту немесе жобаны пысықтау үшін жергілікті уәкілетті органға қайтару мәселесі бойынша алқалық шешім қабылданады және мемлекеттік қолдау шаралары бекітіледі. Салалық комиссияның шешімі 3 (үш) жұмыс күні ішінде осы Қағидаларға 7-қосымшаға сәйкес нысан бойынша екі данада хаттамамен ресімделеді.

Ескерту. 48-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 09.10.2014 № 1073 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

48-1. Салалық комиссияның отырысында республикалық индустрияландыру картасына енгізуден бас тартылған жобалар Кеңес шешімі бойынша өңірлік индустрияландыру картасына енгізіледі.

Ескерту. Қаулы 48-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 09.10.2014 № 1073 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) .

49. Бір данасы мақұлданған жобалар бойынша материалдарды қоса бере отырып, уәкілетті органға жіберіледі, екінші данасы салалық мемлекеттік органда қалады, олардың көшірмелері, сол күні мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті органға жіберіледі.

5. Жобаларды уәкілетті органда қарау

50. Республикалық индустрияландыру картасына енгізу үшін ұсыным берілетін жобалар бойынша салалық сараптамалар және жергілікті қамту бойынша сараптама алынған сәттен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде уәкілетті орган барлық материалдарды жүйелендіреді, штаб отырысында қаралатын республикалық индустрияландыру картасына енгізу туралы ұсыныстары бар жобаларды жалпы жинақтауды жүзеге асырады.

Ескерту. 50-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 09.10.2014 № 1073 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

51. Штаб уәкілетті органның, салалық министрліктер мен ведомстволардың, ұлттық холдингтер мен даму институттарының, сондай-ақ басқа да мүдделі ұйымдардың қызметкерлерінен қалыптастырылады.

52. Штаб отырысында барлық жобаларға қорытынды бағалау жүргізіледі, онда қандай да бір жобаның сәтті іске асырылуы үшін тиісті шешімдерді қабылдаудың қажетті деңгейіне байланысты жобаны республикалық индустрияландыру картасына енгізуге ұсыным беріледі.

Ескерту. 52-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 09.10.2014 № 1073 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

53. Бағалау жүргізілген сәттен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде штаб жобаларды республикалық индустрияландыру картасына енгізу бойынша ұсыным беру, Бағдарламада белгіленген Индустрияландыру картасының өлшемдеріне сәйкес келмеген кезде жобаны жергілікті уәкілетті органға пысықтауға қайтару немесе одан бас тарту туралы хаттамалық шешім қабылдайды.

Ескерту. 53-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 09.10.2014 № 1073 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

53-1. Штаб отырысында республикалық индустрияландыру картасына енгізуден бас тартылған жобалар кеңес шешімі бойынша өңірлік индустрияландыру карталарына енгізіледі.

Ескерту. Қаулы 53-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 09.10.2014 № 1073 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

54. Алып тасталды - ҚР Үкіметінің 09.10.2014 № 1073 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

55. Штабтың хаттамалық шешімінің негізінде республикалық индустрияландыру картасына енгізу үшін ұсыным берілген жобалардың тізбесін уәкілетті орган Комиссияның таяудағы отырысына қарау үшін енгізеді.

Ескерту. 55-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 09.10.2014 № 1073 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

6. Жобаларды өнеркәсіптік дамыту жөніндегі комиссияда қарау

Ескерту. 6-тараудың атауы жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 09.10.2014 № 1073 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

56. Уәкілетті органның ұсынымы бойынша Комиссияда республикалық индустрияландыру картасының жобаларын енгізу, алып тастау, мемлекеттік қолдау шараларын ұсыну, сондай-ақ олар бойынша негізгі параметрлерді өзгерту жөнінде шешім қабылданады.

Ескерту. 56-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 09.10.2014 № 1073 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

56-1. Комиссия шешімі бойынша республикалық индустрияландыру картасына құны 4,5 млрд. теңгеге дейін және/немесе Бағдарлама бойынша басым болып табылмайтын салаларда іске асырылатын жобалар енгізіледі.

Ескерту. Қаулы 56-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 09.10.2014 № 1073 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) .

57. Комиссия шешімі республикалық индустрияландыру картасын өзектілендіруді жүзеге асыру және мемлекеттік қолдау шараларын ұсыну үшін негіз болатын хаттамамен ресімделеді.

Ескерту. 57-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 09.10.2014 № 1073 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

57-1. Комиссия қабылданатын міндеттемелер мен талап етілетін мемлекеттік қолдау шараларын ескере отырып, өтініш берушімен бірлесіп келісім жобасын әзірлеу үшін жобаны іске асыруға жауапты мемлекеттік органды айқындайды.

Ескерту. Қаулы 57-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 09.10.2014 № 1073 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

7. Қорытынды ережелер

58. Жобалар республикалық индустрияландыру картасына өтінімдердің түсуіне және олардың тиісті қаралуына қарай жылына кемінде бір рет өткізілетін өзектілендіру қорытындылары бойынша Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысымен енгізіледі.

